

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Шинышерава Ғазиза Болатқызының 6D011300 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	<p>Зерттеу жұмысының негізгі идеясы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауларына сәйкес келеді.</p> <p>Туған өлкедегі табиғат пен тарихты, шаруашылық пен саясатты, мәдениет пен адамдардың тіршілік әрекетін қосып адамға ауқымды білім мен тәрбие беретін өлкетану психологиялық – педагогикалық мәселе ретінде зерттеушілерге әрқашанда үлкен қызығушылық тудырған.</p> <p>Осы тұрғыдан алғанда, Ізденуші Шинышерава Ғазиза Болатқызының «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы теория мен практиканы кіріктірумен қатар, өлкетану материалын практикалық кәсіби қызметте пайдалануға мүмкіндік беретін өзекті жұмыс болып табылады.</p>
1		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік</p>	<p>Диссертациялық жұмыс 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 – Биология) бағыттары бойынша дайындалған. Диссертация мемлекеттік бюджетінен қаржыландыратын ғылыми жобаға қатысы жоқ.</p> <p>Диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия</p>

		бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дауының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	бекіткен «Білім және ғылым саласындағы зерттеу» ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес орындалған. 8D015-Жаратылыстану пандері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 - Биология) бағыты бойынша ұсынылған.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс биология ғылымының даму тенденциясының үрдістерін айқындауға бағытталған. Осы орайда алынған ғылыми-практикалық нәтижелері биология ғылымының дамуына қосқан үлес пен жаңа жетістік ретінде бағалауға болады. Жалпы далалық практика оқу іс әрекетінің маңызды кезеңдерінің бірі. Автордың далалық практикаға арналған нұсқаулықтарындағы іс-әрекетер білім алушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім алушылар аумақтық экологияны зерттеу әдістерін игеріп, нәтижелерін талдап, ұсыныстар жасай алады, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік формаларын ажыратып, анықтай алады. Табиғатты зерттеу барысында студенттердің дүниетанымы қалыптасып, табиғатты біртұтас жүйе ретінде қарастыруға және түсінуге үйренген. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, білім алушылар оқу-дала практикасын оның мазмұнына байланысты анықтайды деп қорытынды жасауға болады. Жұмыстың құндылығы толық ашылып көрсетілген. Кәсіби даярлығын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттер теориялық тұрғыдан негізделген, білім алушылардың кәсіби тұрғыда бәсекеге қабілетті маман және зияткерлі жеке тұлға ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаған	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі ғылыми жұмыстың құрылымын меңгергені байқалады. Зерттелуі қажет әрі маңызды мәселесі айқындалған, сол мәселені шешуде әдіс-тәсілдері дұрыс таңдалған. Диссертанттың ғылыми ойды жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі, тұжырымды мазмұнды жеткізуі ой жинақылығын көрсетеді. Зерттеушінің ғылыми стилі де жинақы әрі нақты. Жарияланымдары да диссертация мазмұнына сәйкес келеді.

4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Ғ.Б. Шиньшерованың зерттеуінде биологиядан болашақ мұғалімдерді даярлауда білім беру мекемелерінің өзекті мәселелерін шешуге, тұлғаны қоғамның қазіргі талаптарына жауап беретіндей етіп қалыптасуына бағыт-бағдар беретін әдістерді талдаған. Білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудағы теория мен практиканың өзара байланысын зерделеу арқылы оқу-дала практикасы жағдайында кәсіби даярлығын қалыптастыру ізденуші зерттеулерінің өзектілігін айқындайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының 3 тарауы да ішкі бірлікті сақтаған, үш тарауда да ұсынылған әдістемелік-педагогикалық материалдар зерттеу болжамымыздың дұрыстығын дәлелдеген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан . Жұмыстың мазмұнындағы әрбір бөлімі зерттеу тәртібіне негізделген. Сондықтан жұмыстың әрбір бөлімі мен тараушаларының өзара логикалық байланысы бар.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер - сыни талдау. Бұрыннан белгілі әдістерді талдай отырып, оқытудың жаңа әдістемесімен толықтырған. Зерттеу кезіндегі жұмыстың мақсаты мен міндетіне сәйкес зерттеу материалдары мен әдістері ұтымды қолданылған. Автор диссертациялық жұмысты жазу үшін көптеген педагог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып қажетті материалдарды жинап, өңдеген. Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды даярлауда білім берудің мазмұны мен әдістемесіне қатысты теориялар мен әдістемесі сыни талдаудан өткізіліп зерттеулерінде қолданылған.

			Автордың ұсынған жаңа шешімдері ғылыми негізде дәлелденіп, нақтыланған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама? 1) Толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары 75% жаңа . Нәтижеге қол жеткізу үшін зерттеу мәселесіне қатысты педагогикалық, биологиялық, зоологиялық, энтомологиялық ғылыми әдебиеттерге, диссертациялық жұмыстарға және ҚР ҒЖБМ бекіткен нормативті құжаттарға талдау жасалған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертант зерттеу жұмысының ғылыми ақпаратына мазмұнының сәйкестігімен, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімділігімен, тәжірибелік жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылуымен толығымен жаңа болып саналады. Зерттеу жұмысында ұсынылған негізгі тұжырымдамалардың жаңалығы диссертация тақырыбымен, мақсат, міндеттерімен негізделеді. Нәтижесінде диссертациялық жұмысқа қойылған мақсат пен міндеттердің шешілуі, жинақталған теориялық, әдістемелік-педагогикалық материалдары, оқу-дала практикасын ұйымдастыруға әзірлеген әдістемелік нұсқаулықтары ұсынған зерттеу болжамының дұрыстығын дәлелдеген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыстың нәтижесі қазіргі биология саласына үлес қосады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертанттың қорғауға ұсынған қағидалары мен диссертациялық зерттеуінің қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген . Талдау нәтижелері негізінде ұсынылған қорытындылар мен түйіндер ғылыми тұрғыдан ауқымды мәселелерді шешуге бағытталған.
7	Қорғауға шығарылған	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға	Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденген . Себебі, дәлелдеуші

	негізгі қағидаттар	жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	мысалдар мен дәйекті деректер айқын. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы күмән келтірмейді, жаңа екені дәлелденген және рейтингтік отандық журналдардағы мақалаларда жарияланған..
		7.2 Тривиалдыма? 1) ия; 2) жоқ	Жоқ. Қорғауға ұсынылған қағидат тривиалды емес, себебі жаңаша зерттеу бағыты таңдалған.
		7.3 Жаңама? 1) ия ; 2)жоқ	1) Ия. Ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады. Себебі, оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері арнайы зерттеліп отыр. Жалпы бұл бағытта зерттеулер бар, алайда ақпараттық технологиялар қолдану негізіндегі зерттеулері тың бағыт деп білемін.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	2) Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған қағидаттардың қолдану деңгейі кең . Атап айтатын болсақ оқыту үрдісінде пайдаланатын заманауи педагогикалық технологияларды зерттеген шет елдік еңбектерін отандық оқыту технологияларымен ұштастыра білген.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 10 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде: 1 мақала Scopus базасына енгізілген басылымда (перцентиль-62%); 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі басылымдардағы жарияланымдар; 6 мақала шетелдік рейтингтік (шетелдік сараптамалық) ғылыми журналдарда жарияланған.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған. Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми әдістер – жеке талдау, даралау,

		жинақтау, саралау, дәстүрлі ғылыми сипаттама, кешенді құрылымдық талдау; семиотикалық, герменевтикалық талдау әдістері қолданылған. Әдістеменің таңдауы орынды негізделген. Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданған әдістемелер дұрыс таңдалып, негізделген және әдіснамасы нақты жасалған. Соның нәтижесінде алға қойылған мақсаты толық орындалған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Теориялық қорытындылар, тұжырымдар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар теориялық зерттеулермен жеткілікті материалдармен дәлелденген және расталаған. Жұмыстың қорытындылары мәтіндік талдаулар негізінде теориялық тұрғыда расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыста қолданылған маңызды мәліметтер. Зерттеу мәселесі бойынша биологиялық, философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік еңбектер, жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, алыс және жақын шет елдік ғалымдардың еңбектері, педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелеріне сілтеме жасау арқылы расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті . Пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 162. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардың

			тақырыпқа қатысты еңбектері таңдалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	1) Ия. Диссертациялық жұмыстың үлкен теориялық маңызы бар және зерттеу жұмысы қазіргі антропоэекті зерттеулер қатарына енеді. Атап айтар болсақ: оқу-дала практикасы кезеңінде биологиялық зерттеулерді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері жүйеленіп, оқу-дала практикасын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы білімдерін арттыруға, нәтижелерін диагностикалау үшін қажетті өлшемшарттар мен көрсеткіштер жүйесі әзірленген. Кәсіптік-әдістемелік даярлығын дамытуға арналған эксперименттік және тестілік жұмыстар құрастырылған. Оқу үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері зерттеу жұмысының практикалық маңызын анықтап, білім алушылардың білім сапасын арттыруда маңызды болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	1) Ия. Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар нәтижесінде омыртқасыздар зоологиясы пәнінен оқу-дала практикасын ұйымдастырудың әдістемесі даярланды: «Оқу-дала практикаларына арналған оқу құралы», «Оқу-дала практикасына арналған анықтамалық» мобилді қосымша, «Омыртқасыздар зоологиясы пәнінен оқу-дала практикасына арналған электронды оқу құрал» оқыту үдерісіне ендіріліп, білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастыруда маңызды болып табылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар 75% жаңа болып табылады Зерттеу нәтижелері жоғары педагогикалық оқу орындарында биолог студенттерін даярлау үдерісінде тиімділігі дәлелденген. ЖОО-ның биология мамандарын даярлау бойынша оқу үрдісінде қолдану туралы енгізу акт берілген. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ;	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Шиньшерева Ғазиза Болатқызының диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады.
--	--	--	--

Шиньшерева Ғазиза Болатқызының диссертациялық жұмысының ғылымилығы және жаңалығымен қоса келесі ескертулер бар:

1. Тұщы суды мекендейтін омыртқасыздар туралы мәліметтер аз. Оқу-дала практикасы жағдайында су омыртқасыздарын бақылау, аулау, жинау тәсілдерін кеңінен сипаттап, нақтылаған дұрыс.

2. Құрлық омыртқасыздарының жүйелі топтар мен таксондарға сәйкестендіру әдістерін үйретуге бағытталған әдістер диссертациялық жұмыста толықтыруды қажет етеді.

3. Ауыл шаруашылығында маңызы бар түрлердің биологиясы мен экологиясының сипаттамасы мен қатар диссертацияда суреттерін берген ұтымды болар еді.

Алайда, бұл аталған кемшіліктер ізденушінің диссертациялық жұмысының жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Шешім: Шиньшерева Ғазиза Болатқызының 6D011300 / 8D01513 – Биология мамандығы бойынша «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарына толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Шиньшерева Ғазиза Болатқызының 6D011300 / 8D01513 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент:

ҚР ҒЖБМ ҒК «Зоология институты» ШЖҚ РМК,

Паразитология зертханасының меңгерушісі,

ветеринария ғылымдарының кандидаты,

профессор



Сулейменов Маратбек Жақсыбекұлы

